



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№19 (1801)
8 мамыр
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Елбасы саябағы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Елбасы саябағы ашылды.

ҚР Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне бой түзеген ағаштар аллеясына 300-ге жуық алма, шие, өрік ағашы отырғызылды.



Елбасы білім ордасына келген сапарында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының алдыңғы шебі» деп атап өтіп, ұлттық университеттерге



үлкен үмітпен қарайтынын білдірген еді. Сонымен қатар Тұңғыш президент республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққанын баса айтқан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады.

Жалғасы 2-бетте

Ақынға арналған турнир өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай, әуесқойлар арасында жағажай волейболынан халықаралық турнир басталды. Спорттық шараны Алматы қаласы әкімдігі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және қалалық волейбол федерациясының қолдауымен «Буревестник-Алматы» спорт клубы ұйымдастырып отыр.



Алаңға Өзбекстан, Қырғызстан және ел аймақтарынан келген 60 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша әуесқой ерлер, әйелдер және аралас 60-тан астам команда жиналды. Салтанатты рәсімді Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ Басқарма басшысы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, бірегей тұлғаны мерейтойымен құттықтады. Олжас Омарұлының асқақ рухты шығармалары мен мемлекет және қоғам қайраткері

ретінде атқарған ерен еңбегіне тоқталып, ақын тұлғасы барша қазақстандықтар үшін жарқын үлгі екенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ, МАГИСТРАНТ, ДОКТОРАНТТАРЫ!



Сіздерді 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Соғыс ардагерлері біздің бақытты өмірімізге, тәуелсіздігімізге және аспанымыздың ашық болуына жол ашты. Біз бүгін «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоғын қойып, халқымыздың майдандағы және тылдағы қармандығы мен еңбегіне деген зор құрметімізді білдіреміз», – деп атап өткен еді. Сондай-ақ «Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ұлы ерлігінен кем түспеуге тиіс. Жеңіске ең алдымен еліміздегі барлық халықтың бірлігінің, бауырмалдығының және достығының нәтижесінде қол жетті. Біз қазір де осы ұранмен өмір сүріп келеміз», – деп майдангерлер мен тылдағы еңбеккерлерге зор ілтипатын білдірген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мерейлі мереке қанқұйлы жауды күйреге жеңіп, туған жерін қорғап қалған әкелеріміз бен аталарымыздың өшпес ерлігін дәріптейтінін» айта келе, «Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық», – деген болатын.

Шындығында, қан майданда қаза тапқан, ортамызда жүрген ержүрек батырлардың ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран.

Егін алқаптарында бел жазбай еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің жеңісті жақындатуға қосқан үлесі де ешқашан ұмытылмақ емес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бабалар ерлігі дәріптелетін мемлекеттік мерекеге сәйкес, «Ардагерге құрмет» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Іс-шара аясында екі соғыс ардагеріне, 88 тыл еңбеккеріне, 13 Ауған соғысының жауынгеріне, 20 университет Ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне азық-түлік себеттері таратылып, қаржылай көмек көрсетілді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Жеңіс туы желбіреген қастерлі мереке құтты болсын!

Төрткіл әлемге танылған айбынды елімізде бейбітшілік мәңгі салтанат құрып, абырой-даңқы арта берсін!

Жерімізге тыныштық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Құрметпен

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ



Тұрсын ФАБИТОВ:

Тарихты түгендемей, рухани түлеу мүмкін емес

3



Қайсенов неге кешірім сұрады?

4



Маркизат МЫРЗАБЕКОВА,
ЖАС ҒАЛЫМ:

Бағасы – арзан, салмағы – жеңіл
ұялы телефон батареялары тұтынушылар үшін тиімді

5

«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ГАЗЕТІ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ



Құрметті оқырман!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың төл басылымы – «Қазақ университеті» газетінің тарихы 1948 жылдан басталады. Газеттің негізгі бағыты – университеттегі басты жаңалықтармен, қоғамдық-саяси, тәлім-тәрбиелік маңызы бар іс-шаралармен, оқу-әдістемелік жұмыстармен білім ордасының қызметкерлерін, ұстаздар мен студенттерді таныстырып отыру. Сонымен қатар университеттегі жазуға бейімі бар студенттердің шығармашылығын насихаттау.

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тікелей қолдауымен «Қазақ университеті» газетінің редакциялық құрамы толықтырылып, жаңа құраммен жұмысын жалғастырады. Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Гулнар Жұмабайқызы «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы қызметіне кірісті.

Редакция ұжымы алдағы уақытта бірқатар жоба-жоспарды жүзеге асыруды көздеп отыр. Университет ғалымдарының ғылыми жаңалықтары мен инновациялық жобаларын тұрақты таныстырып отыру – басты нысанда. «Маңызды мезет» айдарымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған материалдар топтамасы ұсынылады. Онда білім ордасының ел егемендігіне қосқан үлесі сараланып, бағындырған белестері баяндалады. «Жас-

тар инновациясы» айдарында ҚазҰУ-да білім алып, жұмыс істеп жатқан жас ғалымдар жаңалығымен бөліседі. «Кемел» айдарымен кейінгі ұрпаққа өсиет айтар алдыңғы толқын ғалым-профессорлармен, оның ішінде шетелдерден университетке арнайы шақыртылған мамандар және меценаттармен кең ауқымды сұхбаттар жасалады. «Менің университетімде» білім ордасының танымал түлектері студенттік шақтағы жылы естелігі мен қол жеткен жетістіктері жайлы әңгімелейді. «Көкжиекте» ҚазҰУ және шетелдік білім ордаларымен байланысты түрлі бағдарламаларды студенттерге таныстырып отыру көзделген.

Сонымен қатар Әл-Фараби кітапханасы мен ҚазҰУ мұражайындағы көне жәдігерлер мен қолжазбалар және кәдесыйлар таныстырылады.

Қайта түлеген «Қазақ университеті» – сенімді серігіңізге айналсын!

ӘЛИ – ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті Әли Оралқұл ТМД елдері бойынша үздік студенттер қатарына кірді. Онлайн форматта өткен марапаттау рәсімінде Әли Саинұлына «Үздік студент» төсбелгісі тапсырылды.

Бұл марапатқа ол Genius халықаралық спорт, білім және ғылым орталығының ұйымдастыруымен өткен «XXI ғасырдағы білім және ғылым» атты халықаралық конференция барысында ие болды.

Конференция аясында ТМД бойынша «Үздік студент» және «Үздік жас ғалым» байқаулары өткізілді. Жоба нәтижесінде ҚазҰУ-дың «Дінтану» мамандығының 4-курс студенті Әли Саинұлы үздіктер қатарынан көрінді.



Сондай-ақ салтанатты марапаттау рәсімінде «Жас қыран» атты кітаптың таныстырылымы өтті. Оған ТМД бойынша үздік студенттер мен жас ғалымдардың есімдері енген. Кітапқа енді ҚазҰУ студентінің да өмірбаяны жазылмақ.

Әли Саинұлын жетістігімен шын жүректен құттықтап, білім жолында толағай табыстар тілейміз!

Өз тілшімізден

Елбасы саябағы ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Бұл – қайта жаңғырған Қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының хәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік», – деп, Ұлт көшбасшысының ерен еңбегіне лайықты баға берген болатын.

Сол себептен қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Елбасыға айрықша тарту жасау туралы шешім қабылдады. Ағаш отырғызу жұмыстарына карантиндік талаптарды сақтай отырып, арнайы қызметкерлер жұмылдырылды.



Естеріңізге сала кетсек, Ұлыстың ұлы күні қалашықта «Ағаштар аллеясы» ашылды. Онда ұжыммен бірге жалпы саны 300-ден астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылды.

Ғылым қызметкерлері күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде атап

өткен сиверс алмасының 100-ге жуық көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Алдағы уақытта студент жастар үшін жеміс ағаштарын отырғызу және қалашықты көріктендіру мақсатында барлық ғимараттар мен жатақханалар маңын көріктендіру көзделіп отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Ақынға арналған турнир өтті

Соңы. Басы 1-бетте

Келесі кезекте Ардагерлер кеңесінің генералы Амангелді Құрманәлиев, «Буревестник» СК президенті, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев және КСРО мен Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Заңғар Жаркешевтің жұбайы – Зулфия Жаркешева сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Олжас Омарұлының бала кезінен волейбол, гимнастика, бокс және күрестен бірінші разрядқа ие екені айтылып, волейболға деген құштарлығы «Буревестник» спорт клубымен тығыз байланыстырылды.

Құрметті қонақтар қатарында Ардагерлер кеңесінің генералы Болатбек Бұлғақбаев, генерал-майор Нағашыбай Атшабаров, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Серікбай Нұрғисаев, Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі Рәпіл Жошыбаев, генерал Алик Шпекбаев, «Алқа» халықаралық мәдениет қорының президенті Алуа Таңжарықова, сонымен қатар соғыс және ең-



бек ардагерлері, ҚазҰУ-дың Ақсақалдар кеңесінің мүшелері болды.

Ақын өз кезегінде адам баласының ғарышқа тұңғыш ұшуын жырлаған «Адамға табын, Жер, енді» өлеңін шабыттана оқып, барлық азаматтарға жылы лебіздері үшін алғысын жеткізді.

Сондай-ақ жиында Олжас Сүлейменов Қазақстан ұлттық лигасының волейболдан Чемпион кубогын «Буревестник» аға командасына салтанатты түрде табыстады. Ал Қазақстан Жоғары волейбол лигасындағы «Буревестник» жасөспірімдер командасына ҚазҰУ ректоры Жансейіт

Түймебаев Чемпион кубогын ұсынды.

Қонақтар ҚазҰУ-да ашылған Елбасы саябағына көшеттер отырғызып, Олжас Сүлейменовтің жеке ағашы пайда болды.

Ақын құрметіне ұйымдастырылған жоба салауатты өмір салтын насихаттау, бұқара арасында жағажай волейболын дамытуға бағытталды.

Турнир Интернационал Федерациясы (FIVD) бекіткен жағажай волейболының ресми ережелері бойынша 7-10 мамыр аралығына жоспарланған. Жеңімпаздар медальдармен, дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Сонымен қатар алғашқы орын алған екі командаға ҚазҰУ ректорының жеке қаржылай сыйлығы тағайындалып отыр.

Карантин талаптарына сәйкес, шара көрерменсіз ашық алаңда өтуде.

Айта кетсек, Олжас Сүлейменов – ҚазҰУ-дың танымал әрі құрметті түлегі. Университетте «Олжас Сүлейменов лингвистикалық ғылыми-зерттеу орталығы» жұмыс істейді. Онда тың ғылыми жобалар табысты жүзеге асырылуда.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде жастардың жан-жақты білім алып, заман талабына лайық кәсіби маман ретінде қалыптасуына айрықша көңіл бөлді. Жастармен кезекті жүздесулерінің бірінде «Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында да алғашқы табысты жобалар пайда бола бастады. Осы тәжірибені өрістете түсу керек» деп, тиісті орындарға жүктеген тапсырмасы әлі күнге өзектілігін жоғалта қойған жоқ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты халыққа жолдауында ғылым саласын дамыту туралы тоқталып, «Бұл мәселе бойынша бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет», – дей келе, ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңыздылығын екішеп берген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазіргі таңда 40 жасқа дейінгі 300-ге жуық жас ғалым жұмыс істейді. «Қазақ университеті» газеті жоғарыдағы тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында «Жастар инновациясы» айдарын қолға алмақ. Онда ҚазҰУ-да білім алып, қызмет істеп жатқан жас зерттеушілердің ғылыми жаңалықтары мен әзірлемелері толыққанды таныстырылады. Алғашқы кейіпкеріміз – физика және технология факультетінде «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторанты Маркизат Мырзабекова.



Маркизат МЫРЗАБЕКОВА, ЖАС ҒАЛЫМ:

БАҒАСЫ – АРЗАН, САЛМАҒЫ – ЖЕҢІЛ

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН БАТАРЕЯЛАРЫ ТҰТЫНУШЫЛАР ҮШІН ТИІМДІ

– Бала кезімде дәрігер болғым келетін. Алайда мектепте математика сабағын қатты жақсы көрдім. Математиканы білсең, физика, физикамен қатар, химия да қоса қызықтырады екен. Оқушылар арасында «физика қиын, қыздар ол саланы терең меңгере алмайды» дегенді жиі еститінмін. Осы сөз маған, керісінше, мотивация беріп, физика саласын таңдауыма түрткі болды. Алайда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түскен сәтте ғылымға деген есіктердің айқара ашылғанын бірден сезбедім. Тек 2012 жылы екінші курста оқып жүргенімде Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялар зертханасына (АТҰНЗ) жұмысқа тұрып, жаңа материалдарды, нанотехнологияларды ашуға және жаңа қасиеттерді зерттеуге қызығушылығым оянды. Көп ұзамай «Фараби әлемі» студенттер конференциясына қатысып, «Ылғалдылық датчиктерін құру жөніндегі» жобам студенттер арасындағы ең үздік инновациялық жоба ретінде танылды. Бұл құрылғы бөлмедегі тағамды, астықты дұрыс сақтау үшін ылғалдылықты өлшеуге, жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған.

2014 жылы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетін бітіріп, инженерия және технологиялар бакалавры дәрежесін алдым. Ал 2016 жылы осы сала бойынша магистр дәрежесіне ие болдым. Магистратурада оқыған жылдары ҚазҰУ-дың түрлі бағдарламаларының арқасында Варшава, Прага, Миландағы зертханаларды аралап, тәжірибеден өттім. Нанотехнология саласы Еуропа, Америка және Жапонияда жақсы дамыған. Сондықтан аталмыш мемлекеттерге барып, шетелдерде осы саланы қалай қолға алып жатқанын көргім келді. Арманымның орындалуына Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялар зертханасы сеп болды.

Жұмыс орным жас маман ретінде тәжірибе алмасуға, конференцияларға жиі жіберетін. Бірде халықаралық жиындардың бірінде кездескен шетелдік профессор Игорь Швец: «Сен неге бізге оқуға келмейсің?» – деп сұрады. «Менде қазір қаражат жоқ, Ирландияға барып тұра алмаймын. Қарапайым отбасынан



шыққанмын», – деп ашығын айттым. Ол кісі Erasmus+ бағдарламасымен таныстырды. Қабылдау ережесімен таныссам, студент ретінде немесе жұмысты көріп үйренуші есебінде бақ сынауға болады екен. Мен студент болмағандықтан, тәжірибе алмасушы ретінде тәуекел еттім. Нәтижесінде сканерлейтін электронды микроскоптар, рентгендік фотоэлектронды спектроскопия, туннельдік микроскоп, трансмиссиялық электронды микроскоп сияқты микроскоптардың көптеген түрлерімен жұмыс істедім деңгеріп қайттым.

ПАТЕНТТЕЛГЕН ӨНЕРТАБЫС

– Бірнеше жыл бұрын «Самсунг» компаниясы ұялы телефонның жарылуы дерегі тіркелді. Оған қуаттандыратын батарея себеп болған. Сол уақытта «нелік-

тен оны экологиялық тұрғыдан зиянын тигізбейтін батарея жасамасқа?!» деп ойладым. Бұл сұрақ мені шетелде жүрген кезімде де толғандыратын. Ойлана келе, осы тақырыпты зерттеуді қолға алдым. Шетел ғалымдарының осы саладағы еңбектерін зерделеп, өзімізде не істеуге болатынын таразыладым. Шетелде ғалымдарды Intel, Facebook компаниялары қаржыландырады. Бұл компаниялар зерттеушілерге өздерінің проблемаларын айтады, ғалымдар оны шешумен айналысады. Бұның екінші жолы – ғалым дайын патенттелген идеяны ұсынып, өзінің ашқан жаңалығына қаржы ұтып, өндіріске енгізеді. Мен осы екінші жолды таңдадым. Жобамды патенттедім (авторлық куәлік №107731), енді ары қарай өндіріске енгізуге жұмыс істесем деймін.

Жобамның тақырыбы: «Графен мен марганец диоксидінің отандық нанокөміртерін

негізінде сенімділікті жоғарылататын суперконденсаторлар құру». Графен (көміртектің бір түрі) мен марганец диоксидін қосқанда арасында байланыс түзіліп, тоқ пайда болады. Осы тоқты пайдалана отырып, суперконденсатор, яғни электрді жинақтаушы құрылғы жасауға болатынына көз жеткіздім.

Біздің телефондағы көбіне литий-иондық батареялар. Жарылу қаупі кездеседі әрі ұялы телефонның салмағына да өз әсерін тигізеді. Оның үстіне телефонның бағасы да арзан емес, оны бүлдіріп алсаңыз, қайта жасау біраз шығын әкеледі. Егер оның орнына жеңілдеу батареяны қолдансақ, салмағы азайып әрі экологиялық тұрғыдан да көп зиянын тигізбейді. Шетелде жасалған батареялармен салыстырып көрдім. Олар рутений оксидін пайдаланады. Әлемде рутений қоры өте аз болғандықтан, өндірушілер үшін өте қымбатқа түседі. Ал менің жобамдағы графен мен марганец қоры елімізде жеткілікті. Оның үстіне синтездеу процесі де қарапайым. Сол себепті менің жобамды жүзеге асыру әлдеқайда тиімді. Мен көрген басқа батареялардың барлығында да синтездеу процесі өте күрделі. Елімізде ондай синтездейтін аппараттар жоқ, сондықтан пайдалы қазбалар жағынан да ұтымды болатын екі шикізатты таңдауды жөн көрдім.

Қуатты сақтау мәселесі – қазіргі кезде өте өзекті. Ұялы телефондар, электромобильдер, ноутбуктар, пилотсыз ұшу аппараттары жеңіл, сыйымды әрі энергия жинақтайтын құрылғыларға мұқтаж. Қазірдің өзінде Mercedes пен Lexus сияқты машиналар электрлік Tesla сияқты керемет көрінбейді. Оған себеп – ғалымдар экологиялық

тұрғыдан барынша зиянды азайтатын технологияларды бірінші орынға қойып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұялы телефондарға арналған менің батареяларым бағасы арзан, салмағы жеңіл әрі ұзақ тұтынуға арналған.

POWER BANK ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ

– Мен ойлап тапқан бұл аккумуляторды жасау үшін алдымен шикізаттарды сатып алу керек. Сосын, жұмыс істейтін таза орын болғаны жөн. Шикізатты арнайы химиялық өңдеуден өткізетіндіктен, қызметкерлер арнайы форма киюі тиіс. Менің жасаған аккумуляторларымды өндіріске енгізбес бұрын, жаңадан ұялы телефон жасап шығару керек деп ойлаймын. Себебі бұл аккумулятордың көлемі шағын. Егер Power Bank-тің аккумуляторына салсақ, оны ауыстыруға болады. Ұялы телефонға енгізу үшін де телефон шығаратын компаниядан ұсыныс түсуі керек. Келісімшартқа отыру да біраз уақытты алады. Сондықтан әзірге Power Bank, яғни қалтада жүретін қуаттандырғыш шығаруды қолға алсам деймін. Маркетингтік құралдарды пайдалана отырып, оның сатылымын да көбейте аламыз әрі Power Bank Қазақстанда жасалған отандық өнім болып саналады. Өзімізде жасалған әрбір тауар еліміздің дамуы үшін жасалған әрекет деп бағалар едім. Жаңа бір зат шығарсақ, онда жаңа жұмыс орны ашылып, адамдардың жұмысқа кіруіне жол ашады әрі физика саласын тандайтын адамдардың санын арттыруы мүмкін.

Мен үшін нанотехнология – жаңа әрі шексіз әлем. Өйткені наноәлем физика ғылымының классикалық заңдарына бағынбайды. Біздің зерттеп отырғанымыз – кішкентай әлем, яғни атомдар мен ядролар. Нанотехнолог болсаңыз, материалдардың қасиеттерін біле аласыз әрі техниканы тереңнен түсінуге мүмкіндік бар. Қазақстан дамушы ел болғандықтан, нанотехнология саласы қатты дамыды дей алмаймыз. Алайда нанотехнологиялық зертханалар бірнеше қалада бар. Сол зертханаларға қарап бізде ілгері қарай қадам жасалып жатқанын байқай аламыз. Осы орайда, мені ғылым жолында ынталандырып, бағытбағдар беріп келе жатқан ұстаздарыма алғыс айтқым келеді.



В преддверии знаменательных праздников Дня Защитника Отечества и Дня Победы военную кафедру посетил Председатель правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансейит Туймебаев, поздравил военную кафедру с Днем Защитника Отечества. Начальник военной кафедры полковник запаса О.Ажимов доложил руководителю передового ВУЗа Казахстана о ходе учебного процесса и представил учебно-материальную базу кафедры.

КУЗНИЦА ОФИЦЕРОВ ЗАПАСА

В корреспондентском пункте Республиканской военно-патриотической газеты «Сарбаз» профессор Ж.К.Туймебаев ознакомился с системой подготовки военных журналистов и просмотрел видеоматериалы, подготовленные студентами военной кафедры. С особым интересом прошло ознакомление с деятельностью Центра военно-патриотической работы военной кафедры, где красочно оформлена галерея выпускников, стенды об истории КазНУ имени аль-Фараби и сконцентрированы материалы о проведенных мероприятиях военно-патриотической направленности.

В ходе представления учебно-материальной базы были показаны в действии:

- учебно-тренировочные полигоны ПВО Сухопутных войск и мотострелковых войск;
- интерактивный стрелковый тир, динамические тренажеры БМП-2 и стрелка-зенитчика;
- специализированные аудитории войск связи и метеорологической службы;
- аудитории по военной психологии, воспитательной и идеологической работе.

В завершении посещения военной кафедры Ж.Туймебаев поздравил офицеров-преподавателей с наступающим праздником – Днем Защитника Отечества. В ознаменовании Дня Защитника Отечества 26 преподавателей военной кафедры поощрено Ректором университета.

Обретение Казахстаном в 1991 году государственной независимости поставило трудную, но жизненно важную задачу – создание собственных Вооруженных Сил. 7 мая 1992 года Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев издал Указ «О создании Вооруженных Сил РК». Этим же Указом все воинские соединения, части и учреждения, дислоцирующиеся на территории Республики, были взяты под юрисдикцию Казахстана. Первым Министром обороны Республики Казахстан был назначен участник Великой Отечественной войны, Герой Советского Союза генерал Сағадат Нурмағамбетов. С созданием Вооруженных Сил РК был принят блок Законов Республики Казахстан. В частности Закон «Об обороне и Вооруженных Силах РК» от 1992 года, Закон «О всеобщей воинской обязанности и военной службе» от 1993 года, которые закрепили принцип комплектования армии на смешанной основе, сочетающей срочную службу по призыву и контракту. Создание Вооруженных Сил планировалось завершить в три этапа. Первый этап – до конца 1992 года. Второй этап – до конца 1994 года, тре-



тий этап – до конца 1996 года.

За 29-летний период Вооруженные Силы Казахстана прошли сложный, поступательный путь развития. С обретением Республикой Казахстан независимости одной из приоритетных задач ставилось создание армии, способной обеспечить защиту суверенитета и территориальной целостности государства. Важнейшей задачей являлась подготовка офицерских кадров для Вооруженных Сил. На момент обретения независимости в Казахстане для нужд армии функционировало только Алматинское общевоинское командное училище имени маршала Советского Союза Конева.

Для подготовки офицерских кадров были сформированы:

- Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи;
- Военный институт Сил воздушной обороны имени дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова;
- Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, который готовит офицерские кадры по программе высшего профессионального образования для Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований РК.

Важнейшую роль в комплектовании офицерскими кадрами на этапе строительства Вооруженных Сил сыграли военные кафедры гражданских Вузов и в том числе военная кафедра КазНУ имени аль-Фараби, которая является крупнейшей среди военных кафедр ВУЗ-ов Казахстана. Военная кафедра образована в 1934 году при Казахском государственном университете имени С.М.Кирова, с целью подготовки военно-обученного резерва для соединений и частей Красной Армии. За годы независимости Казахстана военной кафедрой КазНУ имени Аль-

Фараби подготовлено более 10.000 офицеров и сержантов запаса.

ППС кафедры состоит из опытных офицеров запаса и в отставке с большим войсковым и педагогическим опытом. Это заслуженные офицеры (ветераны) Вооруженных Сил РК, имеющие стаж воинской службы более 30 лет. На военной кафедре КазНУ имени Аль-Фараби обучается более тысячи студентов. Обучение студентов осуществляется по 18 военно-учетным специальностям. Это будущие офицеры войск ПВО, мотострелковых войск, войсковые разведчики, связисты, офицеры воспитательных структур, офицеры по организации физической подготовки и спорта, специалисты метеорологической службы.

Кроме учебной работы по подготовке будущих офицеров запаса преподавательский состав военной кафедры принимает активное участие в военно-патриотическом воспитании, не только студентов обучающихся на военной кафедре, но и студентов университета, школьников города Алматы. С этой целью, создан Центр военно-патриотической работы, включающий в себя: именные аудитории народных героев Казахстана, первого Министра обороны, Халык Кахарманы, Героя СССР генерала армии С.К.Нурмағамбетова и Героя СССР, писателя-фронтовика Бауыржана Момышулы, а также комнату военно-патриотической работы. Первые занятия со студентами проводятся именно в этих аудиториях.

- Активно проводится военно-шефская работа, налажена тесная связь с 13 школами города Алматы, - рассказывает о буднях военной кафедры начальник, полковник запаса Олег Ажимов. - Осуществляется со-

трудничество в деле патриотического воспитания школьников с гимназией «Самопознание» Национального центра «Бобек». Вот уже в течении пяти лет руководство, преподаватели и студенты военной кафедры участвуют в проведении мероприятий к знаменательным датам для учащихся гимназии. Проводятся студенческие лектории, встречи и экскурсии, совместные мероприятия в рамках международного военного сотрудничества. Стало традиционным проведение военно-патриотической игры «Сарбаз» на кубок ректора КазНУ имени Аль-Фараби, среди команд лучших школ и гимназий Алматы. Проведено три игры спонсорами которых традиционно выступили профсоюз работников КазНУ «Парасат», республиканская газета «Сарбаз» и Ассамблея народа Казахстана города Алматы.

Идет постоянная работа по совершенствованию учебно-материальной базы и учебного процесса, только за последние два года создано пять новых учебных аудиторий, два компьютерных класса - по военной метеорологии, связи, военной журналистике, разведывательной подготовке и военной психологии. Необходимо отметить вклад профессорско-преподавательского состава и всех сотрудников военной кафедры в подготовку казахстанской молодежи к службе в Вооруженных Силах РК формированию у студентов таких качеств, как патриотизм, гражданственность и готовность к служению Родине.

Дни открытых дверей, проводимые нами на постоянной основе, направлены не только на воспитание патриотических качеств, но и имеют профориентационную направленность. С 2018 по 2020 годы, в ходе Дней открытых дверей военную кафедру посетило более 5000 тысяч студентов и школьников. Особо хочется отметить тематические мероприятия освященные государственным и национальным праздникам, Дню Защитника Отечества, Дню Победы, к профессиональным армейским праздникам, это День войск ПВО, танковых войск, воспитательных структур нашей армии, войск связи. За 2020 – 2021 годы в дистанционном режиме проведено более 70 видеоконференций, уроков Мужества, подготовлено более 30 видеоматериалов военно-патриотической направленности, а также других тематических мероприятий по патриотическому воспитанию студенческой и школьной молодежи. В преддверии Дня защитника Отечества и 76-ой годовщины Победы в Великой Отечественной войне проведен комплекс мероприятий по пропаганде достижений передового ВУЗ-а страны – КазНУ имени Аль-Фараби, героического прошлого, боевых и трудовых подвигов нашего народа.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Патриотическая акция «Наследники Победы»



Между военной кафедрой Казахского национального университета имени Аль-Фараби и Национальным центром «Бобек» с 2017 года налажено тесное сотрудничество в деле военно-патриотического воспитания школьной и студенческой молодежи. В преддверии празднования Дня Защитника Отечества и Дня Победы профессорско-преподавательским составом военной кафедры Казахского национального университета имени Аль-Фараби проведена патриотическая акция «Наследники Победы» с сотрудниками Национального центра «Бобек».

С соблюдением всех санитарных норм, три команды отдельных подразделений Национального центра «Бобек», под руководством преподавателей военной кафедры КазНУ имени Аль-Фараби состязались в различных конкурсах. Это военно-историческая викторина, выполнение норматива по надеванию общевойскового защитного комплекта, военной топографии, а также конкурсов «Исторические места Алматы» и «Песни Победы». Несмотря на достаточную сложность конкурсных заданий, все участники мероприятия показали хорошие знания и стремление к победе.

При подведении итогов патриотической акции «Наследники Победы», Генеральный директор Национального центра «Бобек» Е.Н.Сакенова передала благодарственное письмо Председателю правления – Ректору КазНУ имени Аль-Фараби Ж.К.Туймебаеву и вручила памятный адрес начальнику военной кафедры КазНУ имени Аль-Фараби полковнику запаса О.В.Ажимову, а также выразила уверенность в дальнейшем сотрудничестве по патриотическому воспитанию школьной молодежи.

